

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № а-11/543 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қарашада № 6199 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Степногорск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 03 сәуірдегі № а-4/164 "2017 жылға арналған Степногорск қаласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5933 тіркелген, 2017 жылдың 18 мамырда "Степногорск ақшамы" қалалық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.М.Әбіловаға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қаласының
әкімі

Ә.Күмпекеев

Степногорск қаласы
әкімдігінің
2017 жылғы 15.11
№ а-11/543 қаулысымен
бекітілген

2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Б і р тәрбиеленушіге а й ы н а жұмсалатын шығындардың
---	---------------	-----------------------------------	---	---

		ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		орташа құны (теңге)
1	Степногорск қаласы білім бөлімінің жанындағы "Нұршуақ" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	280	10000	23869,7
2	"Степногорск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы инклюзивті білім беретін "Балауса" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	220	10000	23869,7
3	"Дарын" жеке балабақшасы "ДС-Дарын" ЖШС	200	15000	23869,7
4	"Сказка" жеке балабақшасы ДК Лагута Светлана Васильевна	165	17000	22779
5	"Асыл" жеке балабақшасы ДК "Бексултан"	75	18000	23869,7
6	"Айлана" жеке шағын орталығы ДК Есжанова Фарида Буташевна	30	20000	16921,6
7	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Ақсу кентінің № 2 орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Балдаурен" шағын орталығы	40	10000	16921,6
8	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Степногор ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Қарлығаш" шағын орталығы	20	10000	16921,6

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДК - дара кәсіпкер;

ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік.